

Мазмұны

1	Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің оркестр сыныбының «Аспап» пәні бойынша білім беру бағдарламасы	3
2	Образовательная программа по предмету «Инструмент» оркестрового класса детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств	28

Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің оркестр сыныбының «Аспап» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

1. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің оркестр сыныбының «Аспап» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Аспап» пәні бойынша оқытудың мақсатын, нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін анықтайды.

2. Осы бағдарламада келесі түсініктер қолданылады:

1) аккорд – бір уақытта алынған, жоғарылығы түрлі үш немесе одан көп музыкалық дыбыстардың үйлесімділігі;

2) аппликатура – музыкалық аспапта ойнау кезіндегі саусақтардың орналасуы және алмасуы;

3) арпеджио – фортепианода, бірнеше клавишалық (ксилофон, виброфон) және ішекті аспаптарда дыбыс бірінен соң бірі шығатындай аккордтарды орындау тәсілдері;

4) баса айту (фразировка) – орындаушының музыкалық шығарма мазмұнын мейлінше мәнерлеп ашуы үшін музыкалық фразалардың көркемдік мәнін ерекшелеуі;

5) блюз – жиырмасыншы ғасырдың 20 жылдары кең тараған блюздың жеке алынған композициясы немесе музыка жанры;

6) бэкграунд – джазды аспаппен немесе дауыспен сүйемелдеу;

7) вибрато (тремоляция) – музыкалық дыбыстың немесе ән салудың жоғарылығының, күшінің (қаттылығы) немесе тембрінің ұдайы өзгеруі;

8) гамма – ұзақтығы белгісіз дыбыстардың қатары, жандарындағы басқыштары бір-бірінен толық бір тонға және жартылай тонға артта болады. Мектептің орындаушылық практикасында гамма дегеніміз жоғары немесе төменгі октавалық дыбыстар қатарын білдіреді;

9) глиссандо – бір дыбыстан келесі дыбысқа баяу сырғуды білдіретін музыкалық термин, түстік әсер береді штрих;

10) деташе – ішекті-ысқылы аспаптарда орындау тәсілдерінің түрлілігі;

11) дыбыс шабуылы – қандай да бір музыкалық аспапта ойнау кезінде немесе вокалдық партияларды айту кезінде дауыстарды шығаруға қажетті дыбыс шығарудың алғашқы импульсі; дыбыс шығару тәсілдерінің кейбір нюансировкалық сипаттары, орындаушылық штрихтары, артикуляциялар мен баса айтулар;

12) дыбыс шығару – музыкалық аспапта ойнау және ән айту барысында дыбысты алу, шығару;

13) кварта – музыкалық арақашықтық, аяқталған консонанстардың бірі;

14) legato – музыкалық аспапта ойнау тәсілі, дыбыстарды үзбей орындау, бір дыбыс бір дыбысқа баяу ұласады, дыбыстар арасында үзіліс болмайды;

15) мейнстрим – танымал музыкалық бағыт;

16) музыкалық баса айту – музыкалық құрылымның көркемдік-мағынасын жеке бөліктерге бөлу (дұға, фразалар, сөйлемдер, кезеңдер, бөлімдер, бөліктер), кідірмені (цезура) бекіту және орындау, музыканың динамикалық, агогикалық, штрихтық және дауыс ырғағы элементтерін мәнерлі жеткізу және тағы басқаларын анықтайтын музыкалық мәнерліліктің құралы;

17) октава – дыбыстар аралығындағы жиіліктің қатынасы 1:2 болатын музыкалық интервал, яғни жоғары дыбыстың жиілігі төменгіден 2 есе көп;

18) пентатоника – бес сатылы арақашықтық жүйесі, барлық дыбыстары таза квинталар және/немесе кварталарда орналастырылады;

19) регистр – ноталардың, диапазонның салыстырмалы жоғарылығы;

20) рифф – фигураларға бөлінген ноталар жиынтығы, олар музыкалық композицияны немесе оның бөлігін құрайды; рифф — рок, джаздың әуендік техникасының тәсілі, әсіресе свингке тән, остинатоның бір формасы. Ұдайы қайталанып отыратын қысқа әуендік фраза. Биг-бэндте бір уақытта неше түрлі риффтер орындалады, кей кездері кезекпен алмасып отырады. Рок-музыкада гитаралық риффтар қолданылады;

21) секунда – екі сатыны құрайтын музыкалық арақашықтық, 2 санымен белгіленеді;

22) свинг – биг-бэндтердің орындауындағы джаз стил, ноталық аранжировканың орнына еркін суырып салу басымырақ болады;

23) септаккорд – терциялық тізбекпен орналасқан төрт дыбыстан құралған аккорд;

24) терция – үш сатыдан тұратын музыкалық арақашықтық, 3 санымен белгіленеді;

25) үшдыбыстылық – терциялар бойымен орналасқан үш дыбыстан құралған аккорд;

26) флажолет – обертон дыбысын алу мақсатында ішекті-ысқылы және шертпелі аспаптарда ойнау тәсілі. Сондай-ақ, флажолет деп обертон дыбысын шығаруды да атайды. Ішекті аспаптарда ішектің ұзындығын 2 бөлетін нүктесін (ішектің дыбысталу жоғарылығы октаваға жоғарылайды), 4 (2 октава) және жартылай басу жолымен орындалады;

27) форшлаг – қандай да бір әуен дыбысының алдында келетін,

келесі дыбыстың ұзақтылығы есебінен орындалатын (ереже бойынша), бір немесе бірнеше дыбыстан тұратын әуендік көркемдеу;

28) штрих – дыбыс құраушы ноталарды, ноталар тобын орындау (тәсілі және әдісі) амалы.

3. Бағдарламаның мақсаты: аспапта ойнау бойынша алған білім, білік және дағдысы негізінде табиғи қабілетін ескеріп, білім алушы тұлғасын тәрбиелеуге және дамытуға жағдай жасау.

4. Бағдарламаның міндеттері.

Оқыту:

1) білім алушылардың оқу пәні бағдарламасы аясында аспапты меңгеруге қажетті музыкалық сауатты меңгеруі;

2) эстрадалық музыканың барлық стильдерін практика жүзінде меңгеру негізінде орындаушылықтың практикалық дағдыларын және өзіндік ерекшеліктерін үйрету;

3) білім алушылардың жеке, ансамбльдік және оркестрлік орындаушылықтарына қажетті білік пен дағдыларды меңгеруі;

4) білім алушылардың бойында әртүрлі жанр мен формадағы шығармаларды қабылдауға, игеруге және джаз трубасында ойнауға мүмкіндік беретін, орындаушылық қабілеттер кешенін қалыптастыру;

5) білім алушылардың шығармашылық қызмет және көпшілік алдында өнер көрсету тәжірибесін жинақтауы.

Дамыту:

1) есту қабілетін, ырғақты, жадын, музыкалылықты және әртістікті дамыту;

2) джаз музыкасына және музыкалық шығармашылыққа деген қызығушылықты дамыту;

3) бейнелі ойлауды, қиялды, музыканы эмоциямен қабылдауды, орындаушылық еркіндікті және шыдамдылықты дамыту;

4) дене бітімін дамыту (қозғалыс дағдылары, қозғалысты реттеу, мүсін, төзімділік).

Тәрбиелік:

1) музыкалық дүниетанымын кеңейту, музыкалық шығармашылыққа деген танымдық қызығушылықтарын дамыту;

2) көркемдік талғамды, орындаушылық шеберлік мәдениетін, музыка өнерге деген қызығушылықты тәрбиелеу;

3) білім алушыларды ұлттық және әлемдік музыка мәдениеті негіздеріне араластыру;

4) жасампаз және шығармашылық еңбекке қабілетті тұлғаны тәрбиелеу.

5. Білім беру бағдарламасын игеру мерзімі - жеті жыл. Негізгі оқыту курсына дайындалу үшін дайындық курсына алты-жеті жастағы балаларға арналған сабақтар жүргізіледі.

6. «Труба» аспабы жетекші қызметті атқаратын құрамы бойынша әртүрлі ансамбльдер мен оркестрлерде қолданылады. Оқыту жеке, шағын топтық формаларда іске асырылады. Бағдарламаны іске асыруға арналған оқыту уақытының көлемі осы бұйырықтың 1-қосымшасында көрсетілгендей балалар музыка мектептерінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес анықталады. Оқыту жеке формада іске асырылады.

7. Бағдарлама жалпы музыкалық білім алуға, дамуға, әрі қарай кәсіби білім алуға бағдарланған білім алушылармен жұмыс істеуге арналған.

8. Бағдарлама әр баланың музыкалық дамуын мейлінше саралай отырып іске асыруға жағдай жасайды, шығармашылық мүмкіншіліктердің дамуына септігін тигізетін, жеке және жас ерекшеліктеріне сай келетін, оқыту әдістерін қарастырады.

9. Аталған білім беру бағдарламасының ерекшелігі классикалық және джаз музыкасының үздік дәстүрлері негізінде тиімді оқыту синтезі болып табылады.

Бағдарлама мазмұнын барлық стильдердің эстрадалық және джаздық музыкасы құрайды: блюз, свинг, би-боп, латын америкалық жанрлар, джаз-рок, рок, эстрадалық әндер.

10. Жеке сабақтарда джаз тілімен, негізгі джаз гаммаларымен және импровизация әдістерімен белсенді танысу іске асырылады. Джаз пьесалары бэкграунд сүйемелдеуімен бірге жатталады. Бұл салада жұмыс жасаудың ең маңызды формаларының бірі - «комбо» деп аталатын кішігірім ансамбльдерде ойнау.

11. Бағдарлама заманауи джаздық мейнстримге бағытталған, білім алушыларды свинг кезеңінің джаз музыкасының эстетикалық стереотиптері, түсініктері, стилистика нормативтерімен жақын таныстырады.

Бағдарлама негізіне американдық композиторлардың туындылары, Jamey Aebersold's, Mike Steinell's, Shelton G. Berg еңбектері алынған. Джаз импровизациясының америкалық әдістемесі республиканың балалар музыка мектептеріне бейімделеді, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты, музыка материалдарын біртіндеп қиындатып, 7 жылға бөлінеді.

12. Джаз мамандығының «Аспап. Труба» сыныбына джаз музыкасы жанрына қызығушылық білдіретін, есту қабілеті, музыкалық есте сақтау жады, ырғақ сезімі үйлестірілген барынша қабілетті білім алушылар іріктеледі. Труба аспабы - джаз музыкасында ең кең таралған аспаптардың бірі, ол әуендік қызмет атқаратын құрамы әртүрлі ансамбльдерде және оркестрлерде қолданылады.

13. Білім берудің вариативтілігіне сәйкес білім беру бағдарламасының мазмұны сараланады.

Білім алушы теориялық білімді практикамен қатар алады.

Бағдарламаны игеру қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

14. Джаз мамандығының «Аспап. Труба» пәнін оқу «Сольфеджио», «Арнайы сынып (оркестр)», «Ансамбль» сияқты пәндерді игерумен тығыз байланыста іске асырылады.

15. Сабақ формалары:

1) практикалық – ойнау тәсілдері мен дағдылары аспапта пысықталады;

2) топтық сабақтар ансамбльде ұжыммен музыка ойнау үшін өткізіледі;

3) дайындық-концерттік (дайындық және концерттік нөмірлерді көпшілік алдында көрсету);

4) байқаулар;

5) ойын сабағы (сабақ барысында ойын технологияларын қолдану);

6) экскурсия сабағы.

16. Қойылған міндеттерді орындау үшін қолданылатын оқыту әдістері:

1) әңгімелесу, түсіндіру, пікірталас;

2) көрнекілік-демонстрациялық – педагогтің аспаппен шығарма орындауы, бақылау, интерактивті және мультимедиялық таныстыру рәсімін көрсету;

3) практикалық – аспаппен жұмыс, дайындық жаттығулары, шығарманы өз бетінше талдау, шығарманың жеке бөліктерімен жұмыс;

4) талдау – салыстыру және жалпылау, қисынды ойлауды дамыту;

5) эмоциялық – ассоциацияларды, бейнелерді, көркемдік әсерлерді таңдау, музыкалық бейнелі ойлауды дамыту.

17. Әдістерді таңдау білім алушының жасына және жеке ерекшеліктеріне, физикалық қабілеттері, шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты болады. Оқу процесі қарапайымнан күрделіге қарай құрылады.

18. Педагог бағдарламаны заманауи музыка мектептерінде іске асыруда интерактивті білім беру технологияларын, сабақтардың классикалық және дәстүрлі емес түрлерін қолданады.

19. Педагогтің білім алушымен жеке жүргізетін сабағы сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы болып табылады. Жеке сабақтарды педагогпен немесе басқа білім алушылармен ансамбльде ойнаумен үйлестіріледі.

20. Жұмыстың сабақтан тыс формалары:

1) ансамбльде ойнау;

2) концерттік, байқаулық қойылымдарға дайындық;

3) шығармашылық және мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысу;

4) филармонияларға, театрларға, концерттік залдарға,

мұражайларға бару;

5) музыка қайраткерлерімен, орындаушылармен, композиторлармен кездесу.

21. Осы бағдарлама негізінде педагог білім беру процесін ұйымдастырудың анықталған сынып үшін ұтымды және барынша тиімді мазмұнын, әдістерін және тәсілдерін анықтайтын оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

22. Оқу жұмыс бағдарламасының құрылымдық элементтері:

- 1) титул парағы;
- 2) түсінік хат;
- 3) оқу қызметін жоспарлау;
- 4) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

23. Титул парағындағы негізгі мағлұматтар:

- 1) білім беру ұйымының аталуы;
- 2) оқу пәнінің аталуы;
- 3) оқу жұмыс бағдарламасы арнайы әзірленген сыныпты көрсету;
- 4) оқу жұмыс бағдарламасының жұмыс мерзімі (оқу жылы);
- 5) педагог туралы қысқа мағлұмат;
- 6) білім беру ұйымы басшысының оқу жұмыс жоспарын бекіткендігін белгілеуге арналған орын.

24. Түсінік хаттың мазмұны:

- 1) негіздеме ретінде білім беру бағдарламасы;
- 2) анықталған сыныпта пәнді оқыту кезіндегі өзекті педагогикалық мақсат пен міндеттер;
- 3) анықталған сыныптағы оқытудың ерекшеліктері (дамытушылық, түзету-дамытушылық, дарынды балалармен жұмыс);
- 4) аталған сыныпта жұмысты ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен мәселелер;
- 5) себептері мен өзгерістердің мақсаттарын нұсқай отырып, жеке тақырыптық блоктарды (тарауларды) меңгеру мерзімдерін және/немесе уақытын өзгерту туралы ақпаратты көрсету.

25. «Оқу қызметін жоспарлау» тарауы білім алушылардың қызметтерінің сипатын ерекшелейтін тақырыптық күнтізбелік жоспардан, сыныптар бойынша репертуарлық тізбеден құралады.

26. «Оқу процесін оқу-тақырыптық қамтамасыз ету» тарауының мазмұны:

- 1) білім алушыларға арналған танымдық әдебиеттер тізбесі;
- 2) педагогке арналған әдістемелік әдебиеттер тізбесі;
- 3) оқу-көрнекілік құралдар тізбесі.

27. Педагогтің оқу жұмыс бағдарламасы әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылады және білім беру ұйымының басшысы оқу жылы басталғанға дейін бекітеді.

28. Педагог оқу жұмыс бағдарламасы негізінде әр білім алушыға

арналған оқытудың жеке жоспарын құрады. Жеке жоспар білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуының үйлесімді процесін сипаттайды.

29. Білім алушының жеке жоспары әр жартыжылдыққа құрылып, оны беру ұйымының басшысы бекітеді, журналға немесе білім алушының жеке іс қағаздарына енгізіледі.

30. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында, жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

Бір сыныптың өзінде жеке жоспарлары, концерттік және емтихандық бағдарламалары күрделілік деңгейі бойынша бірі бірінен біршама ерекшеленеді.

31. Білім алушының жеке жоспары репертуарлық кең үрдісті, халық, классикалық және композиторлық техниканың элементтері бар заманауи музыканы енгізу арқылы репертуарды жаңартуды және байытуды көрсетеді.

32. Педагог әрбір білім алушының музыкалық қажеттіліктерін және дарындылық ерекшелігін ескеріп, әрқайсысына жеке репертуарлық стратегия әзірлейді.

33. Педагог музыкалық шығармалардың жеке репертуарлық тізбесін қалыптастырады, шығармаларды жүйеге келтіреді және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

34. Репертуарлық тізбе қазақ, орыс, шетел музыкасы, көркемдік деңгейі жоғары заманауи композиторлардың балалар мен жасөспірімдерге арналған пьесаларын, мультфильмдерден, балаларға арналған кинофильмдерден алынған танымал әндерді, халық музыкасын қамтиды.

35. Педагог оқу процесінде ладтық, үндестілік, ырғақтық және әуендік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ халық әндері мен күйлерінің өңдеулерін, қазақстан композиторларының шығармаларын кеңінен қолданады.

36. Оқу репертуарының әр түрлі жанрдағы және стильдегі шығармаларға қанық болуы музыкалық материалды оқуға, салыстыруға, жүйелеуге оңтайлы жағдай туғызады.

37. Педагог күрделілігі төмендеу тапсырмадан мейлінше күрделі тапсырмаға біртіндеп ауысу, білім алушыға музыкалық мазмұны жағынан, сондай-ақ орындау техникасы жағынан қолжетімді болатындай материалдарды таңдай отырып, оқыту әдістемесін және білім алушының репертуарын ойластырады.

38. Педагог репертуармен жұмыстың аяқталу деңгейін бекітеді, шығармаларды үйрену кезеңдерін белгілейді, бағдарламаның көлемін және күрделілігін түрлендіреді, әр білім алушының тұлғалық және жеке тәсілдерді ескеретін жаңа репертуардың есебінен репертуарлық тізбені

толықтырады.

39. Педагог репертуармен жұмыс істеу барысында шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтихандық) орындауға, қалған бөлігі – сыныпта жұмыс істеуге немесе таныстыру мақсатына арналатындығын ескереді.

40. Жеке жоспарға білім алушының музыкалық орындаушылық, көркемдік, техникалық мүмкіндіктерінен жоғары және оның жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін шығармалар енгізілмейді.

41. Білім алушылардың музыкалық дүниетанымын кеңейту үшін, сыныпта егжей-тегжейлі оқытылатын шығармалардан бөлек, жұмыстың түрлі аяқталу деңгейіне жол бере отырып, жаттап алуды талап етпей, түрлі сипаттағы пьесалардың қатарымен таныстырылады.

42. Жеке жоспардың міндетті тараулары:

- 1) гаммалармен жұмыс;
- 2) этюдтермен және жаттығулармен жұмыс;
- 3) классикалық және заманауи авторлардың пьесаларын орындау;
- 4) Қазақстан композиторларының шығармаларын орындау;
- 5) халық әндерінің және билерінің өңдеулері;
- 6) ансамбльдің құрамында жұмыс істеу;
- 7) парақтан оқу дағдылары.

43. Әр жарты жылдықтың соңында педагог бекітілген жеке жоспардағы репертуарлық тізбеге енгізілген өзгерістерді көрсетіп, жоспардың орындалуын белгілейді, ал жылдың соңында білім алушының музыкалық және техникалық дамуына, жетістіктері және еңбек қабілеттеріне сипаттама береді.

44. Жылдың соңындағы білім алушыға берілген мінездеме даралығының келесі жақтарын ашып көрсетеді:

- 1) музыкалық қабілеттерінің деңгейі (естуі, ырғақ, жады);
- 2) білім алушының аталған аспапқа деген орындаушылық аппаратының сәйкестігі;
- 3) аспапқа икемделу деңгейі;
- 4) жалпы дамуы, эмоциялығы, қабылдауы, реакциясының жылдамдығы;
- 5) музыкамен айналысуға көзқарасы;
- 6) еңбекке қабілеттілігі, жинақылығы;
- 7) өз бетінше жұмыс істеу білігі;
- 8) мәтінді талдаудағы сауаттылық дәрежесі;
- 9) музыкалық шығармаларды меңгеру жылдамдығы;
- 10) жылдың соңындағы жетістіктері;
- 11) білім алушының музыкалық-техникалық дамуындағы кемшіліктері және оларды жеңу бойынша міндеттері.

45. Білім алушыны сипаттауда мақсатқа жетуге ұмтылуы, көркемдік қиялының болуы, аспапты еркін игеруі, техникалық жағынан

еркіндігінің болуы сияқты жеке қасиеттері көрсетіледі.

46. Педагог баланың барлық ерекшеліктерін ескереді, жағымды жақтарына баса назар қояды және дамыта отырып, осы қабілеттерін педагогикалық процесте оңтайлы пайдаланады.

Оқу материалы білім алушының жеке ерекшеліктеріне, оның көркемдік деңгейіне, техникалық дамуына, оқытудың қандай да бір кезеңінің педагогикалық міндеттеріне сәйкес ұтымды таңдалынады.

47. Білім алушылардың өз бетінше жұмыстары күнделікті жүргізіледі. Өзіндік жұмыс көлемі балалардың жалпы білім беру бағдарламаларын игеруімен қатар үй тапсырмасына дайындалуға кететін уақыт шығынын, сондай-ақ білім беру ұйымында қалыптасқан педагогикалық дәстүрлерді және әдістемелік дұрыстығын ескере отырып анықталады.

Жеке үй жұмысы бірнеше тәсілмен жүргізіледі және мамандық бойынша педагогтің ұсынысына сәйкес құрылады.

48. Міндеттер күнделікте қысқа және анық жазылады. Үй тапсырмасының болжамды түрлері:

- 1) дыбысты дамытуға арналған жаттығулар (нотаны ұстап тұру);
- 2) техниканы дамыту жаттығулары (гаммалар, жаттығулар, этюдтар);
- 3) шығармашылық материалмен жұмыс жасау (пьесалар немесе ірі нысанды шығармалар);
- 4) парақтан оқу.

49. Бағдарламаны сәтті іске асыру үшін білім алушыға кітапхана қоры, сондай-ақ оқу бағдарламасы бойынша жасалған аудио және видео қорлардың қолжетімді болуы қамтамасыз етіледі.

50. 1 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

- 1) білім алушы жеке және оркестр аспабы ретінде аспаптың пайда болу тарихы, орындаушылық шеберлікті дамыту туралы білім алады;
- 2) орындаушылық аппаратты дұрыс қою бекітіледі: ойын барысындағы денені, қолдардың, бастың, саусақтардың аспаптың қалпы, аспапта орындау тәсілдері меңгеріледі, ноталарды парақтан оқудың және тасымалдаудың алғашқы дағдылары меңгеріледі;

3) техникалық тәсілдерді дамыту және қатты шабуыл арқылы орындаушылық аппаратты бекіту жұмыстары жүргізіледі, музыкалық-бейнелі ойлау, музыкалық-ырғақтық сезімі қалыптастырылады;

4) білім алушы джаз музыкасында шабуылды және нотаны қоюды, екі және төрт биттегі акценттерді, Doo-Bah, Dit-Dot штрихтарын меңгереді. Swing сегіздік ноталары, төрттік ноталарды орындау, свингте сегіздік және төрттік ноталарды үйлестіру, джаздың артикуляцияның ең қарапайым түрлері, мажорлық және минорлық пентатониктер, мажорлық және минорлық блюздік гаммалар, қысқа джаздық рифтер, паттерндерді (үлгілер) меңгереді;

5) білім алушы оқу жылының ішінде классикалық музыкада кіші октаваның толық регистрін қолдана отырып, кілт кезіндегі бір белгіге дейінге мажорлық және минорлық гаммаларды, түзу қозғалыстағы арпеджиоланған үшдыбыстылықты, бүтін және жартылық, төрттік ұзақтықтағы, *detache*, *legato* штрихтары бар гаммалар және арпеджио, бірінші және кіші октавадағы аппликатураны, *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық реңктерін, секунд, терция, кварта аралықтары ішіндегі жаттығуларды, 6-8 этюдті және жаттығуларды, игерілген диапазон шеңберіндегі 4-6 жеңіл пьесаларды меңгереді.

51. 1 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Аспаппен танысу, оны күту ережелері.

2-тақырып. Тыныс алу бойынша жұмыстар.

3-тақырып. Денені, қолды, басты, амбушюрді оңтайлы қою ережелері.

4-тақырып. Дыбыс шығару бойынша жұмыстар. Қарапайым ырғақтық формулаларды шығару. Парақтан оқу және тасымалдаудың алғашқы дағдыларын игеру.

5-тақырып. Шабуылдар және нотаны қою. Екі және төрт биттегі акценттер, *Doo-Bah*, *Dit-Dot* штрихтар. *Swing* сегіздік ноталары. Төрттік ноталарды орындау. Свингте сегіздік және төрттік ноталарды үйлестіру. Джаздың артикуляциясымен жұмыс.

6-тақырып. Орындаушылық аппаратты қою: денені, қолды, басты, саусақтарды, ойнау кезіндегі аспапты қою. Заманауи трубаның тарихы бойынша материалдармен, оның бөліктерінің атауларымен, олардың ойын барысындағы өзара әрекеттесуімен танысу. Трубадағы және мүштікті күту ережелері. Амбушюр түсініктерін практикада игеру. Ерін бұлшықеттерін, негізгі тыныс алу түрлерін дамыту. Ең қарапайым орындаушылық дағдыларды меңгеру: дыбыстар шығаруға даярлану, дем алу - дем шығару, табиғи дыбыс қатарын ойнау.

7-тақырып. Техникалық әдістерді дамыту және қатты шабуыл арқылы орындаушылық аппаратты нығайту. Практика жүзінде шабуыл әдістерін меңгеру, «ту» - қатты шабуыл буындарын дұрыс нақты айтуды (артикуляцияны) қолдану. Дыбыс шығару, дыбыстарды созу, қосу және аяқтау кезінде қолданылатын штрихтарды (*detache*, *legato*) игеру. Біркелкі, таза, дауыс ырғағының тұрақтылығы, динамикасы әр түрлі дыбысты орындауға жаттығу.

8-тақырып. Музыкалық бейнелі ойлауды, музыкалық бөліктердің және бөлімдердің құрылымын сезу және жеткізе білу қабілеті. Музыкалық-ырғақтық сезімді, қарапайым ырғақтық топтарды және топтар тізбегін қабылдау және ойнау қабілетін дамыту. Шығарманың жанрлық ерекшеліктерін қабылдау және жеткізу білігі.

9-тақырып. Шабуылдар және нотаны қою.

10-тақырып. Екі және төрт биттегі акценттер.

11-тақырып. Doo-Bah, Dit-Dot штрихтары. Swing сегіздік ноталары. Төрттік ноталарды орындау. Свингте сегіздік және төрттік ноталарды үйлестіру.

12-тақырып. Джаз артикуляциясының ең қарапайым түрлері. Мажорлық және минорлық пентатоника. Мажорлық және минорлық блюз гаммалары.

13-тақырып. Қысқа джаздық рифтер, паттерндер (үлгілер).

52. 1 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

1 сыныпта оқу жылының соңында білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) бірінші және кіші октавадағы аппликатураны біледі;
- 2) демді алу және демді музыкалық бөліктерге бөлуді біледі;
- 3) дұрыс дыбыс шығаруды біледі, денесі, қолы, басы, амбушюр дұрыс қойылған;
- 4) джаз артикуляциясын біледі, свинг жасай алады;
- 5) таза дыбыспен, тұрақты дауыс ырғағымен, әртүрлі динамикамен кіші октаваның толық регистрін ойнай алады;
- 6) тік қозғалыстағы арпеджиоланған үшдыбыстылықты ойнай алады; бүтін және жартылық, төрттік ұзақтықтағы, *detache*, *legato* штрихтары бар гаммалар және арпеджионы ойнай алады;
- 7) мажорлық және минорлық пентатониктерді, мажорлық және минорлық блюздік гаммаларды, кілттегі бір белгіге дейінгі гаммаларды, табиғи дыбыс тізбегін ойнай алады, қарапайым ырғақтық топтар және топтар тізбегін орындай алады;
- 8) *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық реңктерін; секунд, терция, кварта аралықтары ішіндегі жаттығуларды біледі;
- 9) этюдтар мен жаттығуларды, игерілген диапазон шеңберіндегі жеңіл пьесаларды орындайды.

53. 2 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

- 1) амброшюра, дыбыс, дауыс ырғағы, ырғақ, орындаушылық аппаратты қою, жаттығулар кешені арқылы орындаушылық аппаратты қалыптастыру жұмыстары жалғастырылады;
- 2) ойын техникасын дамыту, қатты шабуыл арқылы орындаушылық аппаратты бекітуге арналған тәсілдері пысықталады;
- 3) білім алушы тактідегі күшті және әлсіз кезеңді жеткізуді, жатқа ойнау барысында дыбысталудың қажетті сипатын көрсетуді үйренеді, фортепианомен ансамбльде ойнау дағдысын жетілдіреді;
- 4) білім алушы джаздық синкопалармен, каммалармен, иониялық мажор, миксолид мажоры, дориялық минор гаммалары кварто-квинттік шеңбер бойынша және оларға сәйкес мажорлық (иониялық), миксолидиялық, минорлық (doriaлық) септаккордтар, дайын риффтер мен паттерндер негізінде джаздық баса айтуды үйренеді;

5) мажорлық және минорлық пентатоника, блюздік гаммалар, джаз музыкасында екі жәнәтөрт биттегі акценттер, Doo-Bah, Dit-Dot штрихтары, Swingi сегіздік ноталар бекітіледі;

6) классикалық музыкада білім алушы оқу жылының ішінде кіші октава регистрін қолдана отырып, кілт кезіндегі екі белгіге дейінгі мажорлық және минорлық гаммаларды, сондай-ақ қалыпты ырғақтағы тік қозғалыстағы арпеджиоланған үш дыбыстылықты, бүтін, жарты, төрттік ұзақтықтағы, legato, detache, staccato штрихтары бар гаммаларды және арпеджиоларды, бірінші және кіші октавадағы аппликатураны, p, f, mp, mf динамикалық реңктерін, баяу ырғақта, секунд, терция, кварта аралықтары ішінде, legato, detache, staccato штрихтарымен ұзақ дыбыстармен орындалатын жаттығуларды меңгереді;

7) білім алушы классикалық музыкада 8-10 этюд пен жаттығуды, игерілген диапазон аясындағы 6-8 жеңіл пьесаны үйренеді.

54. 2 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Штрихтарды қарастыру. Аспапты күйге келтірумен танысу. Музыкалық терминдерді кеңейту. Парақтан оқу және өзіндік жұмыс қабілеттерін дамыту.

2-тақырып. Ішіне piano және mezzo forte да ұзақ ұсталып тұратын дыбыстарды ойнау енетін, жаттығулар кешені көмегімен орындаушылық аппаратты қалыптастыру.

3-тақырып. Аспапты күту және тексеру бойынша дағдыларды пысықтау - вентиль тетігін, крондарды майлау, аспапты шаю, коронды, жалпы қатарға келтіру.

4-тақырып. Ойнау техникасын дамытуға арналған жаттығуларды пысықтау - тыныс алу және музыкалық бөлікке бөлу.

5-тақырып. Қатты шабуыл арқылы орындаушылық аппаратты нығайту және техникалық әдістерді, ойнау кезіндегі дауысты және дауыссыздарды дыбыстауды әрі қарай дамыту.

6-тақырып. Ерін жұмысының (шыдамдылығы, қозғалмалылығы), саусақтар жұмысы (жылдамдық, нақтылық, барлық орындау элементтерінің әрекеттерімен үйлесім) қызметтік қабілеттерін шынықтыру.

7-тақырып. legato, detache, staccato штрихтарын жеке және жұп комбинацияларда қолдану арқылы гаммалармен жұмыс жасау. Дұрыс тыныс алуды ұйымдастыру арқылы орындаумен жұмыс жасау (кіріс тонынан кейін тыныс алу).

8-тақырып. Музыкалық-көркемдік міндеттер. Білім алушының музыкалық орындауға қызығушылық қатынасын тәрбиелеу. Тек ноталық мәтінді ғана емес, музыкалық шығарманың күйін бере білуге талпыну. Тактідегі күшті және әлсіз уақытты бере білу, жатқа ойнау

барысында дыбыстаудың қажетті сипатын жеткізу білігі.

9-тақырып. Фортепианомен ансамбльде ойнау қабілеттерін жетілдіру.

10-тақырып. Екі және төрт биттегі акценттер, Doo-Bah, Dit-Dot штрихтары, Swing сегіздік ноталары.

11-тақырып. Төрттік ноталарды орындау. Сегіздік және төрттік ноталарды свингте үйлестіру.

12-тақырып. Джаз артикуляциясының ең қарапайым түрлері. Мажорлық және минорлық пентатоника. Мажорлық және минорлық блюз гаммалары.

13-тақырып. Қысқа джаздық рифтер, паттерндер (үлгілер).

14-тақырып. Джаздық синкопалар, джаздық гаммалар.

15-тақырып. Иониялық мажор.

16-тақырып. Миксолидиялық мажор.

17-тақырып. Дориялық минор гаммалары кварто-квинттік шеңбер бойынша және оларға сәйкес мажорлық (иониялық), миксолидиялық, минорлық (дориялық) септаккордтар.

18-тақырып. Мажорлық және минорлық пентатоника және блюздік гаммалар.

19-тақырып. Джаздық бөлікке бөлу.

20-тақырып. Классикалық музыка. Кіші октава регистрін қолданып кілт кезіндегі екі белгіге дейінгі мажорлық және минорлық гаммалар, қалыпты ырғақтағы тік қозғалыстағы арпеджиоланған үшдыбыстылық.

21-тақырып. Бүтін, жарты, төрттік ұзақтықтағы, legato, detache, staccato штрихтары бар гаммалар мен арпеджиолар.

22-тақырып. Бірінші және кіші октавадағы аппликатура;

23-тақырып. p, f, mp, mf динамикалық реңктер.

24-тақырып. Баяу ырғақта, секунд, терция, кварта аралықтары ішінде, legato, detache, staccato штрихтарымен ұзақ дыбыстармен орындалатын жаттығулар.

55. 2 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

2 сыныпта оқу жылының соңында білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) кілт кезіндегі екі белгіге дейінгі мажорлық және минорлық гаммаларды біледі;

2) кіші октава регистрін, бірінші және кіші октавалық аппликатураны біледі;

3) қалыпты ырғақтағы тік қозғалыстағы арпеджиоланған үшдыбыстылықты біледі;

4) бүтін, жарты, төрттік ұзақтықтағы, legato, detache, staccato штрихтары бар гаммаларды және арпеджиоларды біледі;

5) p, f, mp, mf динамикалық реңктерді біледі;

6) баяу ырғақта, секунд, терция, кварта аралықтары ішінде, legato, detaché, staccato штрихтарымен ұзақ дыбыстармен орындалатын жаттығуларды біледі;

7) Doo-Bah, Dit-Dot штрихтарын, Swing сегіздік ноталарды біледі;

8) төрттік ноталарды екі және төрт битке джаздық акцент қою арқылы орындайды, свингте сегіздік және төрттік ноталарды үйлестіре алады, джаздық артикуляцияның ең қарапайым түрлерін меңгерген;

9) мажорлық және минорлық пентатониканы, мажорлық және минорлық блюз гаммаларын, қысқа джаздық рифтер, паттерндерді (үлгілер) орындайды;

10) джаздық синкопаларды (алдыңғы және кейінгі); гаммаларды: иониялық мажор, миксолидиялық мажор, дориялық минор гаммалары және оларға сәйкес мажорлық (иониялық), миксолидиялық, минорлық (doriaлық) септаккордтарды біледі;

11) игерілген диапазон шеңберінде 6-8 жеңіл пьесаларды, 6-8 этюдты және жаттығуларды орындайды.

56. 3 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) орындаушылық техника элементтері, дыбысты жүргізу, оның сапасын жақсарту бойынша үйлестірілген жұмыс жалғастырылады, білім алушының техникалық мүмкіндіктеріне және қабілеттеріне сәйкес толық, біркелкі, созылмалы дыбысты орындау пысықталады;

2) «мінезбен» орындау білігі және дағдысы бекітіледі, музыкалық-ырғақтық сезімі, музыкалық ойлауы дамиды, фортепиано және аспаптармен ансамбльде ойнау дағдылары жетілдіріледі;

3) джаздық музыкада екі және төрт биттегі акценттерді, Doo-Bah, Dit-Dot штрихтарын меңгеру. Swing сегіздік ноталары, джаздық синкопалар, джаздық артикуляцияның ең қарапайым түрлері, мажорлық және минорлық пентатониктер, мажорлық және минорлық блюздік гаммалар, қысқа джаздық рифтер, паттерндер (үлгілер) жұмыс жалғастырылады;

4) классикалық музыкада білім алушы кілттегі үш белгіге дейінгі мажорлық және минорлық гаммаларды, әртүрлі ұзақтықтағы, detaché, legato штрихтары бар гаммалар және арпеджио, p, f, mp, mf динамикалық реңктері бар секунд, терция, кварта аралықтары ішіндегі жаттығуларды меңгереді;

5) классикалық музыкада білім алушы оқу жылының ішінде 8-10 этюд пен жаттығуларды, 6-8 жеңіл пьесаларды үйренеді.

57. 3 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Орындаушылық техника элементтерімен, дыбысты жалғау, оның сапасын жақсартумен үйлесімді жұмыс жасауды дамыту. Ойнау диапазонын кеңейту.

2-тақырып. Орындау техникасын кешенді дамыту. Штрихтарды әрі қарай меңгеру. Нотаны парақтан оқу және өзіндік жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.

3-тақырып. Орындаушылық аппаратты қою. Жаттығуларды, этюдтерді, гаммаларды, арпеджио, пьесаларды ойнау арқылы staccatonы орындау техникасын дамыту. Қатты шабуылды еркін және сенімді қолдану есебінен, буындарды нақты айтуға, еріндердің және тілдің қозғалмалылығын нығайту жаттығуларының көмегімен тіл және еріндер техникасын жетілдіру.

4-тақырып. Техникалық әдістерді дамыту. Білім алушының техникалық мүмкіндіктеріне және қабілеттеріне сәйкес толық, біркелкі, созылмалы дыбысты орындауды пысықтау.

5-тақырып. Барлық негізгі мелизмдер түрлеріне дайындық жаттығуларын орындау.

6-тақырып. Фортепиано сүйемелдеуімен этюдтарды және шығармаларды жатқа орындау.

7-тақырып. Музыкалық-көркемдік тапсырмалары. Шығарманы өз «сипатына» сәйкес орындау қабілеттерін және біліктілігін арттыру. Шығармамен жұмыс жасау барысындағы образдық ойлауды қалыптастыру. Музыкалық-ритмдік сезімді, музыкалық ойлауды әрі қарай дамыту.

8-тақырып. Ансамбльде фортепианомен және аспаптармен ойнау қабілеттерін жетілдіру. Өртүрлі концерттерде өз-өзін ұстау және өнер көрсету ерекшеліктеріне оқыту.

9-тақырып. Джаздық музыкада екі жәнәтөрт биттегі акценттерді, Doo-Bah, Dit-Dot штрихтарын, Swingi сегіздік ноталарды пысықтау. Джаздық синкопалармен жұмыс жасау.

10-тақырып. Джаздық артикуляцияның ең қарапайым түрлері.

11-тақырып. Мажорлық және минорлық пентатониктер.

12-тақырып. Мажорлық және минорлық блюздік гаммалар.

13-тақырып. Қысқа джаздық рифтер, паттерндер (үлгілер).

14-тақырып. Классикалық музыкада кілттегі үш белгіге дейінгі мажорлық және минорлық гаммалар;

15-тақырып. Өртүрлі ұзақтықтағы және, *detache*, *legato* штрихтары бар гаммалар және арпеджио;

16-тақырып. *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық реңктері бар секунд, терция, кварта аралықтары ішіндегі жаттығулары.

58. 3 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

3 сыныпта оқу жылының соңында білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) Doo-Bah, Dit-Dot штрихтарын, сегіздік ноталар Swingin біледі;

2) джаздық синкопаларды, джаздық артикуляцияның ең қарапайым түрлерін біледі;

3) мажорлық және минорлық пентатониктерді, мажорлық және минорлық блюздік гаммаларды біледі;

4) қысқа джаздық рифтер, паттерндерді (үлгілер) орындай алады;

5) кілттегі үш белгіге дейінгі мажорлық және минорлық гаммаларды;

6) әртүрлі ұзақтықтағы, *detache*, *legato* штрихтары бар гаммалар және арпеджионы;

7) *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық реңктері бар секунд, терция, кварта аралықтары ішіндегі жаттығуларды орындайды;

8) игерілген диапазон шеңберінде этюдтарды және жаттығуларды, жеңіл пьесаларды орындайды.

59. 4 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) ойнау барысындағы қысылуды және қобалжуды болдырмау, дыбысты жүргізу, оның сапасын жақсарту, штрихтарды әрі қарай меңгеру, нотаны парақтан оқу дағдыларын дамыту, әртүрлі концерттерде өзін ұстау және өнер көрсету ерекшеліктеріне оқыту жұмыстары жүргізіледі;

2) негізгі оқу-жаттығу материалдары, музыкалық терминдер бекітіледі, назарды шоғырландыру, музыкалық назарды бөлу дағдылары қалыптасады, ырғақ сезімін, музыкалық ойлауды дамыту бойынша жұмыстар жалғастырылады, ансамбльде фортепианомен және аспаптармен ойнау қабілеттерін жетілдіріледі;

3) джаз музыкасында дайын паттерндер, гаммалар негізінде джаздық баса айтуды үйрену жалғастырылады: иониялық мажор (мажорлық септаккорд), миксолидиялық мажор (миксолидиялық септаккорд), дориялық минор (минорлық септаккорд), локриялық минор (жартылай азайтылған септаккорд), тондық-жарты тондық гамма (азайтылған септаккорд) кварто-квинттік шеңбер бойынша;

4) классикалық музыкада білім алушы кілт кезіндегі төрт белгіге дейінгі мажорлық және минорлық гаммалар, қалыпты ырғақтағы тік қозғалыстағы тондық үшдыбыстық және олардың айналымдарын, әртүрлі техника түріне арналған 8-10 этюдті, әртүрлі сипаттағы 6-8 пьесаны, ансамбльдік пьесалар және оркестрлік шығармаларды меңгереді.

60. 4 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Ойнау барысындағы қысылуды және қобалжуды болдырмау. Дыбысты жүргізу және оның сапасын жақсартуға жұмыс жасау.

2-тақырып. Штрихтарды әрі қарай меңгеру. Парақтан оқу және өзіндік жұмыс дағдыларын дамыту.

3-тақырып. Музыкалық терминологияны әрі қарай меңгеру.

4-тақырып. Орындаушылық аппаратты қою. Негізгі оқу-жаттығу

материалын пысықтау. Баяу ырғақта әндік сипаттағы пьесаларды және этюдтерді орындау арқылы дыбыс сапасымен, оның интонациясымен және динамикасымен жұмыс жасау.

5-тақырып. Фактураның барлық элементтерін қайталау, тыныс алуды дамытуға арналған жаттығулар. Тыңдау бақылауымен созылмалы ноталарды орындау, әртүрлі аралықтарды үйлестіре отырып жаттығуларды орындау.

6-тақырып. Техникалық әдістерді дамыту. Күн сайын гаммаларды ойнау.

7-тақырып. Этюдтерде және музыкалық шығармаларда кездесетін мелизмдермен жұмыс жасау, оларды белгілеу, ритмдік құрылым ерекшеліктері, жеткілікті орындаушылық қабілетпен орындау техникасы.

8-тақырып. Есептелген тыныс алумен, орта тұстағы белгілі шарықтау тұсы бар динамиканы біртіндеп арттыру және төмендетумен жұмыс жасау.

9-тақырып. Crescendo және diminuendo кезіндегі бірыңғай ырғақпен жұмыс жасау.

10-тақырып. pp-дан ff дейінгі динамикалық реңктерді қолданатын жаттығуларды орындау.

11-тақырып. Музыкалық назарды шоғырландыру және бөлу қабілеттерін қалыптастыру. Ритм сезімін, музыкалық ойлауды әрі қарай дамыту.

12-тақырып. Ансамбльде фортепианомен және аспаптармен ойнау қабілеттерін жетілдіру.

13-тақырып. Әртүрлі концерттерде өз-өзін ұстау және өнер көрсету ерекшеліктеріне оқыту.

14-тақырып. Джаздық музыка: гаммалар. Иониялық мажор. Миксолидиялық мажор. Дориялық минор. Локриялық минор. Тондық-жарты тондық гамма кварто-квинттік шеңбер бойынша.

15-тақырып. Дайын үлгілер негізінде джаздық бөлікке бөлуді оқу.

16-тақырып. Классикалық музыка: кілт кезіндегі төрт белгіге дейінгі мажорлық және минорлық гаммалар.

17-тақырып. Тондық үш дыбыстылықтың қалыпты ырғақтағы тік қозғалысы және айналымындағы арпеджиосы;

18-тақырып. Әртүрлі техника түрлеріне арналған этюдтер.

19-тақырып. Әртүрлі сипаттағы пьесалар.

20-тақырып. Ансамбльдік пьесалар және оркестрлік шығармалар.

61. 4 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

4 сыныпта оқу жылының соңында білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) иониялық мажор (мажорлық септаккорд), миксолидиялық мажор (миксолидиялық септаккорд), дориялық минор (минорлық септаккорд), локриялық минор (жартылай азайтылған септаккорд), тондық-жарты тондық гамма (азайтылған септаккорд) кварто-квинттік шеңбер бойынша джаздық гаммаларды біледі;

2) дайын үлгілер негізінде джаздық бөлікке бөлуді меңгерген;

3) кілт кезіндегі төрт белгіге дейінгі мажорлық және минорлық гаммаларды біледі;

4) тондық үшдыбыстылықтың қалыпты ырғақтағы тік қозғалысы және айналымындағы арпеджиосы;

5) әртүрлі техника түрлеріне арналған этюдтерді, әртүрлі сипаттағы пьесаларды, ансамбльдік пьесалар және оркестрлік шығармаларды орындайды.

62. 5 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) орындаушылық техниканы дамыту, аспаптың дыбысталу сапасын жақсарту, мейлінше күрделі ырғақтық формулаларды меңгеру, музыкалық дыбыстарды түсінікті «айту» тәсілдерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жалғастырылады;

2) джаз музыкасындағы өткен материалдар бекітіледі;

